

Жиын

М.ДАНИЯР

# ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ МҮМКІНДІГІ



Қазіргі таңда кәсіп бастап жандандырамын деген жандарға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Солардың бірі — «Қайтарымсыз грант» жобасы.

Осы аталған жоба аясында әлеуметтік кеңсе орталығында Мансап орталығының ұйымдастыруымен Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығының директоры Мереке Есқалиев және Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығының болжау, жинақтау және талдау бөлімінің басшысы Аяулым Ахаваның қатысуымен отырыс өтті.

Жиын барысында алдымен Атырау облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығының директоры Мереке Василюұлы баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде: «Бізде еңбек мобильділігі атқаратын бірнеше сала бар. Оның ішінде әлеуметтік осал топтағы тұрғындарға, тіркелген жұмыссыздарға грант беру. Бізде осы грант бергеннен кейін Атырау облысы бойынша әрбір ауданда 8 комиссия мүшелері құрылған.

Комиссия мүшелерінің шешіміне сәйкес, грант берілгеннен кейінгі заңды талаптарына сәйкес мониторинг жүргізу еңбек мобильділігі орталығының тікелей міндеті болып есептеледі. Бірақ осы мезгілге дейін мемлекет тарапынан қанша қолдау көрсетілсе де, кейін заңды талаптарына сәйкес мақсатына сай жұмсамау себепті қайтарып жатырғандар Атырау облысы бойынша өте көп кездесуде. Біздің негізгі мақсатымыз заңды талаптарына сәйкес кері қайтарып алу емес, біз қаражатты бергеннен кейін мақсатына сай жұмсау қажет», - деді ол.

Келесі сөз кезегін Атырау облысы еңбек мобильділігі орталығының болжау, жинақтау және талдау бөлімінің басшысы Аяулым Айдарқызы алды.

«Грант беру қағидасына сәйкес грант алған азаматтарға тоқсанына бір рет мониторинг жұмыстарын еңбек

мобильді орталығы жүргізеді. 2025 жылы Мақат ауданы бойынша қайтарымсыз мемлекеттік грантқа 20 азамат ие болды. Оның ішінде 2 азамат мүмкіндігі шектеулі жан. 17 азамат көп балалы отбасы санатынан. Ал 1 азамат мүмкіндігі шектеулі баланы бағып отырған ана. Грант алушылардың 13-і жұмыссыз ретінде алса, 7 азамат жеке кәсіпкер ретінде грант иегері атанды. Енді гранттық қаражатты мақсатты бағытта жұмсауына келетін болсақ, 16 азамат еңбек құралдарын алуға, ал 4 азамат технологиялық құрал-жабдықтарды алуға жұмсады. Қызмет түрлері бойынша әртүрлі саланы қамтиды. Атап айтқанда, жартылай дайын тағам дайындау өнімдері, аспаз цехы, сұлулық салоны, ет өнімдері бар. Одан бөлек би орталығы, шармен безендіру, нан өнімдерін шығару, көлік жуу, көлікке газ қондыру, полиграфиялық қызмет көрсету, азық-түлік дүкендеріне құрал-жабдықтар алу, автокөлік жөндеу орталығы, ерлер шаш-

тазары бойынша кәсіп ашқан. Осы кәсіп ашқаннан кейін Мақат ауданы бойынша грант иегерлері 9 тұрақты жұмыс орнын ашты. Ал 2024 жылы 20 азамат «Қайтарымсыз грантқа» ие болған. Оның ішінде 7 азамат мақсатсыз пайдаланған себепті сот арқылы кері қайтарылды», - деді ол.

Жалпы жаңа бизнес — идеяларды іске асыруға арналған гранттар халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға конкурстық негізде мемлекет тарапынан 400 еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне дейін қаражат беріледі.

«Қайтарымсыз грант» тек бір рет беріледі және нысаналы мақсаты бойынша

қажетті еңбек құралдарын, технологиялық жабдықты, жанауларды, малды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алу, коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерінің, сондай-ақ сауда объектілерінің, оның ішінде жалға алу, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы сауда объектілерінің аумағында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған үй-жайларды жалдау ақысын төлеу үшін беріледі. Бұл ретте жұбайынан, жақын туыстарынан аталған сауда объектілері жалға алынбайды.

Мамандардың сөзінше, грант алушы гранттық қаражаттың нысаналы мақсаты бойынша

пайдаланылғанын немесе грант қаражатының пайдаланылмағанын растау болмаған кезде шарт жасалған күннен бастап 3 ай ішінде портал арқылы қаражатты толық ерікті түрде қайтаруға өтінім береді. Грант алушы грант қаражаты толық көлемде пайдаланылмаған жағдайда қаражатты толық қайтаруды жүзеге асырады және ішінара пайдаланылған жағдайда портал арқылы қалған қаражатты қайтаруды жүзеге асырады.

Жиын қорытындысында «Қайтарымсыз грант» жобасында жұмыссыз азаматтарға және көп балалы отбасыларға басымдылық беріп, жаңадан кәсіп ашатын деген азаматтарға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілетіндігін атап өтті.



## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ «Атырау облысы Су Арнасы» КМК үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының нормативтері жобасы (ШНЖ) «Атырау су арнасы» КМК (Белинский су тазарту құрылыстары, Атырау қаласының сол жағалауындағы көріз тазарту құрылыстары және Мақат кентінің көріз тазарту құрылыстары) (қолданыстағы кәсіпорын), соның ішінде ЭЭББ, ҚОҚЖ, ҚББ; ШНТ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Тиісті нысандардың орналасқан жерінің және ықпал ету аймағының географиялық координаттары: 47°07'44.9"N 51°55'53.1"E, 47.647520°N, 53.349220°E.

Қоғамдық тыңдаулар 03.07.2026 ж., сағат 10:30-да Атырау қаласы, М.Әуезов даңғылы, 80, 1-ші қабат, конференция залы.

Қоғамдық тыңдаулар 03.07.2026 ж., сағат 15:00-де Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кентінде мәдениет үйінде өтеді.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыс өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай және (немесе) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Zoom платформасы арқылы онлайн қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі 03.07.2026 ж., сағат 10:30-да:

https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRI1UVZERTBXY0NJTFTUG4yQT09&omn=77453618623

Конференция идентификаторы: 906 397 8907.

Кіру коды: 11111.

Zoom платформасы арқылы онлайн қоғамдық тыңдауларға қосылу сілтемесі 03.07.2026 ж., сағат 15:00-де:

https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRI1UVZERTBXY0NJTFTUG4yQT09&omn=77998617396

Конференция идентификаторы: 906 397 8907.

Кіру коды: 11111.

Бастамашы — «Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ «Атырау облысы Су Арнасы» КМК. Мекенжайы: ҚР, Атырау қ., М. Әуезов даңғылы, 80. БСН 050840001451. Байланыс деректері: тел: 87122454048, 454037.

Есепті әзірлеуші — «EcoDelo» ЖК. Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Б.Майлин көшесі, 19, 5-қабат, 502-кеңсе. Байланыс деректері: тел: +77771001345, +77015994117, эл. пошта: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Жоба бойынша құжаттамамен танысуға арналған сілтемелер: https://ndbecology.gov.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдауларды өткізу және оған қатысты құжаттардың көшірмелеріне сұраныс бойынша қосымша ақпаратты мына байланыс деректері арқылы алуға болады: m.abilgazina@ecodelo.kz, тел: +77771001345, +77015994117.

Жергілікті атқарушы орган — «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Мекенжайы: ҚР, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, сайт: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru, эл. пошта: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел: 8 (7122) 35-45-59.

Ескертулер мен ұсыныстар жергілікті атқарушы органның atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық поштасына және https://ndbecology.gov.kz/ сайты арқылы қабылданады.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

КПГ «Атырау облысы Су Арнасы» ГУ «Управление энергетик и жилищно-коммунального хозяйства Атырауской области» сообщает, что, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: «ПРОЕКТ НОРМАТИВОВ ВЫБРОСОВ ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ (НДВ) ДЛЯ КПГ «АТЫРАУ СУ АРНАСЫ» (ВОС Белинский, КОС левый берег г.Атырау и КОС п. Мақат) (ДЕЙСТВУЮЩЕЕ ПРЕДПРИЯТИЕ), в том числе ПУО, ПЭЖ, ППМ, НДС.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 47°07'44.9"N 51°55'53.1"E, 47.647520°N, 53.349220°E.

Общественные слушания будут проводиться 03.07.2026 г. в 10:30 по адресу: г. Атырау, пр. М. Ауэзова, 80, 1-й этаж, конференц зал;

Общественные слушания будут проводиться 03.07.2026 г. в 15:00 по адресу: Атырауская область, Мақатский район, Мақатская п.а., п.Мақат, дом культуры.

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме на платформе zoom 03.07.2026 г. в 10:30:

https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRI1UVZERTBXY0NJTFTUG4yQT09&omn=77453618623

Идентификатор конференции: 906 397 8907

Код доступа: 11111

Ссылка на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме на платформе zoom 03.07.2026 г. в 15:00:

https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRI1UVZERTBXY0NJTFTUG4yQT09&omn=77998617396

Идентификатор конференции: 906 397 8907

Код доступа: 11111

Инициатор — КПГ «Атырау облысы Су Арнасы» ГУ «Управление энергетик и жилищно-коммунального хозяйства Атырауской области». Адрес: РК, г. Атырау, пр. Мухтар Ауэзова, 80. БИН 050840001451. Контактные данные: тел: 87122454048, 454037.

Составитель — ИП «EcoDelo». Адрес: 010000, г. Астана, ул. Б. Майлина 19, 5 этаж, 502 каб. Контактные данные: тел: +77771001345, +77015994117, эл. адрес: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Документация по проекту для ознакомления размещена на сайтах https://ndbecology.gov.kz/ и https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запрос копий документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно получить по эл. адресу и тел.: m.abilgazina@ecodelo.kz, тел: +77771001345, +77015994117.

Местный исполнительный орган — ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», адрес: г. Атырау, улица Айтеке би 77, сайт: https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел: 8 (7122) 35-45-59.

Замечания и предложения принимаются по электронному адресу местного исполнительного органа: atr.priroda@atyrau.gov.kz и на сайте https://ndbecology.gov.kz/.



Атырау облысының әкімдігі «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауының бірінші кезеңіне қалалық және аудандық деңгейде құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды

## ҰЛТТЫҚ КОНКУРС

Қазақстан Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстанның

отбасының жағымды имиджін үгіттеу болып табылады. Конкурс ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидада көрсетілген нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға конкурстың басталғаны туралы көпшілікке

жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар

үшін — жергілікті уәкілетті органның кәметке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік,

ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысу растайтын құжаттардың көшірмелері

Конкурсқа қатысуға өтінім беру үшін құжаттар түпнұсқамен тапсырылуы қажет.

Конкурсқа қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен құжаттар Атырау қаласы және аудандар

әкімдіктерінің Ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады.

2026 жылғы 15 мамырдан бастап 2026 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу.

Қабылдаудың соңғы күні — 2026 жылғы 14 маусым. Аудандық (қалалық) комиссиялар 15 маусым - 29 маусым аралығында өтінімдерді қазақ, облыстық екінші кезеңге өтінім жолдайды.

Облыстық комиссия 1 шілде — 15 шілде аралығы қалалық және аудандық комиссиялардан өтінімдерді қарап, үшінші кезеңге Республикалық комитетке жолдайды.